

А.Ш. Каппасова*, А.С.Адилова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: ai_kerim.k@mail.ru, adilova2010@mail.ru)

Прецедентті феномендер газет тақырып аттары ретінде

Мақалада газет мәтіндеріндегі прецедентті құбылыстар мәселесі қарастырылған. Лингвомәдениеттану саласы тіл мен мәдениеттің арақатынасын, тіл арқылы ұлттың мәдениетін зерттейтін жаңа сала. Бұл сала лингвистика мен мәдениеттанудың басты мәселелерінің байланысының негізінде пайда болған. Негізгі нысаны, негізгі бірлігі — прецедентті феномендер. Әр халықтың жадындағы басты құндылықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп беретін құралдың бірі де — осы прецеденттік феномендер. Бұл құбылыс арқылы әр ұлттың, әр халықтың ерекшелігі көрінеді. Ғылыми мақалада мәтін тақырып аты ретінде прецедентті феномендерді құрайтын мақал-мәтел, афоризм, сентенция, ақын-жазушылар шығармаларынан алынған прецедентті мәтіндер, ән мәтіндеріне талдау жасалған. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларды зерттеу барысында салыстыру, талдау, жинақтау әдістері қолданылды. Нәтижесінде газет тіліндегі прецедентті құбылыстарды құрайтын прецедентті мәтіндер, прецедентті айтылым түрлеріне мысалдар жинастырылып, теориямен дәлелденді.

Кілт сөздер: прецедентті феномен, прецедентті мәтін, прецедентті айтылым, баспасөз, афоризм, сентенция, газет тіл, тіл білімі.

Кіріспе

Тіл біліміне орыс ғалымы Ю. Караулов енгізген бұл құбылысты ғалым В.В. Красных дискурстың ұлттық құрамдас бөлігі ретіне саналатын ментефактілерден бастап зерттейді де, прецедентті феномендерді қоғамның кез келген орташа өкіліне түсінікті элеуметтік-прецеденттік феномен; ұлттық лингвомәдени топқа немесе ұлттың кез келген орташа өкіліне түсінікті ұлттық-прецеденттік феномен; барлық адамға түсінікті әмбебап-прецеденттік феномендер деп бөледі. Уақыт өте келе бұл санаттар бірінен екіншісіне ауысып, орын алмастыруы мүмкін екендігін айтады. Ғалым прецедентті феномендерді вербалды және вербалданатын деп тағы жіктейді. Прецедентті есім мен прецедентті айтылымды вербалды феноменге, ал прецедентті мәтін мен прецедентті жағдайды вербалданатын феноменге жатқызады [1].

Прецедентті феномендерді ғалымдар (А.Д. Васильев, Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко, В.В. Красных, Д.В. Багаева) 4 топқа бөліп жіктейді. Олар:

- прецедентті мәтіндер.
- прецедентті атаулар.
- прецедентті айтылымдар.
- прецедентті жағдайлар [2].

Прецедентті феномендер қаншалықты әр алуан болса, ұлтымыздың, ұлттық тіліміздің де ерекшелігі соншалықты көрінеді. Біздің мәдени-рухани құндылығымыздың көрінісі, әрине, фольклорымызда. Ондағы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, эпостық жырлар, шешендік сөздер, жұмбақтар, ертегілер, аңыздар, мифтер ұлттың нағыз дүниетанымын, салт-дәстүрін, тәрбиесін жеткізетін құнды дүниелер.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу мақаласының әдіснамалық негізі орыс және қазақ лингвист ғалымдарының мәтін мәселесі, соның ішінде интертекстуалдылық теориясы, мәтінаралық байланыс, прецеденттілік феномендер жайлы жазған еңбектері болды. Негізгі әдіс ретінде талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды. Прецедентті феномендер арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсету үшін, бұл құбылыстардың семантикалық мазмұнын ашу үшін сипаттамалық әдіс қолданылды. Мақалада Қазақстан Республикасында шығатын бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернет желілеріндегі материалдар пайдаланылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ai_kerim.k@mail.ru

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ауыз әдебиеті үлгісінің негізгі жанры мақал-мәтелдерді ғалымдар прецедентті құбылыстардың прецедентті айтылым түріне жатқызады. Бүгінгі таңда сөз мәйегі болған мақал-мәтелдер баспасөз беттерінде мәтін тақырыптары ретінде жиі ұшырасады, себебі мақал-мәтел тоқсан ауыз сөздің түйінін береді. Сондай-ақ журналист үшін тақырыптың қысқа бола тұра үлкен мәліметті бере білуі де өте маңызды. Мысалы, «Жас Алаш» газетіне «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» (14.09.2021) деген атаумен Қ. Зарыққанқызының мақаласы шықты [3]. Мазмұны: үкіметтен бөлінетін ең төменгі жалақының көлемі мен халыққа берілетін әлеуметтік төлемдер өте аз, ол ешкімді жарылқайтын қаражат емес. Еліміздің күнкөрісі Италия, Грекия, Ирландия елінен әлдеқайда төмен. Мемлекет бюджетінен әртүрлі жобаларға қыруар ақша бөлінгенімен, оның жемісін тек жоғарыдағылар көріп отыр. Ал қарапайым халықты қолдау үшін әлеуметтік төлемдерге аз ғана қаражат бөлінеді... Өзекті мәселені көтерген журналист мақаласын «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» деген осы да. Сонда халыққа қайтпек керек? Мұнымен ел еңсесін қалай тіктейді, қалай өсеміз, қайтіп дамимыз?!» [3] деп түйіндейді.

«Егемен Қазақстан» газетінде Қайнар Олжайдың жер жүзін улап жатқан пластик туралы мақаласы жарық көрді. Бірнеше бөлімдерден тұратын мақалада прецедентті айтылымның бірінші сыңары лексикалық трансформацияға түсіріліп, автордың өзі баяндап отырған мәселелерге әрқилы көзқарасын көрсетеді: 1. «Аспаннан киіз жауған күн». 2. «Аспаннан шұға жауған күн». 3. «Аспаннан кәмпит жауған күн». 4. «Аспаннан пакет жауған күн».

Алғашқы бөлім эпиграфы ретінде осы мақалдың шығу төркініне тоқталып кетеді. «Қазақ: «Аспаннан киіз жауса да, құлға ұлтарак бұйырмайды» дейді. Алғаш естіген бала кезімізде «аспаннан қалай киіз жауады?» деп таңырқағанбыз. Ес білген соң ойласақ, әлеуметтік сатыны сипаттауға мал өсірген көшпелі тірліктің мол шикізаты: киіз бен одан жасалатын заты: ұлтаракты қалай тапқыр пайдаланған. Құлдың ештеңеге хақылы еместігін дәлелдеу үшін қар жауатын аспаннан киіз жауғызған, қайран бабалар!» [3]. Әрі қарай Швециядағы қоңыр қағаздан жасалған орама (пакет) туралы айта кетеді. Пластик, целлофан, полиэтилен пакеттерден бас тартқан шведтердің ісіне сүйсініп, «Экологиялық санасы оянып, саңылауы ашылған елдер үшін аспаннан киіз жауып жатқанда бізге әлі ұлтарак бұйыратын емес-ау деп ойлағанбыз сол Стокгольм дүкенінде» деп ой топшылайды.

2-ші бөлімде жер жүзін лас қылған пластиктің зиянын, тез арада оны жойып, алмастыратын экопакеттерді пайдалану қажет екенін, БҰҰ Табиғатты сақтау жөніндегі комитеттің осы пластик қалдығынан қаншама құс, аң, судағы тіршілік иелерінің қырылуы жөніндегі мәліметін келтіреді. Және «табиғат қорытып үлгергенше, Шахановша айтқанда, 500 жыл күтуге тура келеді:

Ел тағылымын аяқ асты төсенбе,

Той аз болмас әлі сенің көшенде.

Бес жүз жыл күт, содан кейін рұқсат

Он бес қызды қабат алам десен де» [3] деген мысалды қолданады.

«Аспаннан кәмпит жауған күн» деген 3-бөлімде пластик құтыдағы «кока-кола», «спрайт», «пепси-кола» сынды танымал сусындар туралы, Алматы қаласындағы пакет шығаратын қытайлық ірі өндірістің жұмысы жайлы және ауаның, топырақтың ластануы жөнінде айтылады.

Соңғы бөлімде Ш. Мұртазаның 80 жылдығында болған оқиғаны баяндайды. Ұлыбритания, Қытай, Ресей, Швеция, тіпті Өзбекстан елдерінде зиянды пластикті өңдеп шығаратын зауыттардың бар екенін алға тартып, біздің аспанымызда пакет ұшып жүрсе де, еліміздің экологиялық кеселмен күреспейтінін ашып айтады. Журналист қазақтың «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» деген мақалының алғашқы сыңарын трансформацияға түсіре отырып, маңызды мәселені көтерген.

Байқағанымыздай, мақалада автордың сыни көзқарасы айқын көрінеді. Тіпті мақаланың әр бөліміне тақырыпты келеке, ажуалап қойған. Журналист «Жалпы, біздің Парламент полиэтилен пакеттерге тыйым сала алар еді. Үкімет Жәркентте, Қызылқұмда қайта жүгері өсіртіп, шырышынан Норвегиядағы сияқты биологиялық пакет жасата алар еді. Әкімдер ырыққа көнбей жер-көкке қаптап өсетін кендірден қорап пен себет шығарта алар еді. Ал пластик ыдыспен сусын шығаратындар қанша өнім өндірсе, соншама құтыны кері қабылдауын заңмен неге реттемеске?» деп өз ойын ашық айтып келеді де, тағы мысқылдап «Сонда болашақтағы Шерхан Мұртазаның тойында болашақтағы Әбіш Кекілбай сөйлегенде жасанды пакет емес, шынайы гүл жауып жатпас па!» деп қорытынды жасайды.

Газет бетінде тақырып болған тағы бір мақал — «Қой көрмеген қуалап өлтіреді». Қ. Зарыққанқызының бұл мақаласы — мал санын шектеу туралы реформаға қарсы айтқан уәжі. Өмірі төрт түлік малмен біте қайнасқан қазақ үшін бұл ақылға сыймайтын жаңалық болды. Халқымыз бір нәрсеге көңілі толмаса, «Қой көрмеген қой көрсе — қуалап өлтіреді, ұл көрмеген ұл көрсе — дуалап өлтіреді» дейді. Журналист мақаласын төмендегідей аяқтайды: «мұны ұқса, ауыл шаруашылығы министрлігі келешекте қазақтың мал басын емес, ретсіз реформаларының санын шектер деп үміттенеміз» [4]. Осы мақалды <https://kazgazeta.kz> сайтында Б. Сманов «Ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаудан неге қашамыз?» (12.01.2016) деген тақырыппен шыққан мақаласында пайдаланады. 2010 жылдан бастап ғылым кандидаттары мен докторларын даярлайтын кеңесті асыға жауып, Болон үдерісіне тез көшіп кеткенімізді сынай отырып, мыңдаған ғылыми ізденушілердің еңбектерінің зая кеткенін, олар үшін мемлекеттен бөлінген қаражаттың желге ұшқанын алға тартып: «Біздің бұл тірлігіміз, басқаны қайдам, мен үшін, дәп бір «Қой көрмеген көргенсіз қуалап жүріп өлтіреді, ұл көрмеген көргенсіз дуалап жүріп өлтіреді» дегеннің керін келтірген секілді» [5] деген ойланарлық ой айтады. Сол сияқты интернет желілерінде М. Жолдасбеков атамыздың әнші Д. Құдайбергеновке берген батасы жүр. Үзінді келтірсек, «...танымалдылығыңды көтере біл, «Қой көрмеген көргенсіз қуалап жүріп өлтіреді» дегендей, сен көтеріп кетуің керек, өйткені, халық сенен үлкен үміт күтіп отыр. Алдыңда талай жарыс бар» [6]. Мұнда келтірілген мақал семантикасын қарсы бағытта интерпретация жасау арқылы қолданып тұр, яғни жұлдыз болсаң да танымалдылығыңды көтере біл, үлгі бол, ел үмітін ақта деген ойын жеткізу мақсатында мақалды пайдаланады. Барлық келтірілген үзінділерде мақал ойды дәл беріп, нақты түйін жасауда шебер келтірілген. Әр автор түрліше қолданған бұл мақалдың негізгі нұсқасы — «Қой көрмеген қой көрсе — қуалап өлтіреді, ұл көрмеген ұл көрсе — дуалап өлтіреді».

Дана қазақ халқының бай тілінде алуан түрлі тақырыпқа мақал-мәтелдер бар. Соның бірі үнемшілдікке шақыратын төмендегі мақал:

Тарта жесең, тай қалар,
Қоя жесең, қой қалар,
Қоймай жесең не қалар?!

Осы мақалды журналистер де өз жазбаларында алға тартып, ұтымды қолдана біледі. «Жас Алаш» газетінде Қ. Зарыққанқызының «**Қазынада дефицит: Үкімет «тарта жесе, тай қалатынын» қашан ұғады?»**» (23.09.21) атты мақаласы жарық көрді [7]. Онда ел бюджетінің тапшылығын, оны Ұлттық қордан қаражат алу арқылы толтыру туралы мәселе сөз болады да, бұл шешімнің дұрыс емес екенін айтып, журналист сөзін осы мақалмен қорытындылайды. Сол сияқты <https://www.azattyq.org/> сайтында Ө. Әбдіхалықұлы «**Тарта жесе, тай қалатынын...**» шенеуніктер біле ме екен?» (9.01.2009) деген мақаласында мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қысқарту туралы мәселе айтылады [8]. Мұнда да тақырып — «Тарта жесең, тай қалады, Қоймай жесең не қалар?!» мақалы.

Жуырда «Жас Алаш» газетінде Қ. Әбілдақызының Президентіміздің халыққа жолдауы жөнінде «**Жолдау түбі алдау болып бара ма?**» (06.09.2022) деген ой саларлық мақаласы жарияланды [9]. Тақырыбы бірден қазақтың бірнеше мақалын еске түсіреді. Олар: «Еңбек түбі — береке, Көптің түбі — мереке, Бейнет түбі — зейнет, Жеңіс түбі — ерлік, Рахат түбі — кейіс, Бейнет түбі — кеңіс, Оқу түбі — тоқу, Тірлік түбі — бірлік, Сабыр түбі — сары алтын». Журналист те мәтін тақырыбын осы мақалдарды еске түсіре отырып ойластырған сияқты.

Дос Көшімнің дәл осы тақырыпқа ұқсас «**Әр дәуірдің заңы басқа**» (30.08.2022) атты сыни мақаласында ҚР Конституциясының бүгінгі жағдайы мен өткені туралы сөз болады [10]. Ата Заңымыздың кей баптарына шолу жасап, оны Кеңес Одағының Конституциясымен салыстыра отырып, қатал заңдар енгізу керек деген ой түйеді. 1936, 1977 жылғы Кеңес үкіметі кезеңіндегі заңдарды қарастырған саясаткер «*Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа*» мақалын өзінше ауыстырып, «Әр дәуірдің заңы басқа» деп қолданған.

Қазақ халқы үшін қасиетті ұғымдардың бірі — бөрі. Киелі жыртқыш жайлы ақын-жазушылардың әдеби туындылары, мақал-мәтелдер, накыл сөздер, аңыз-әңгімелер өте көп таралған. Мысалы, заңғар жазушы М. Әуезовтің «Көксерек», рухты ақын С. Ақсұңқарұлының «Қасқырдың монологы» шығармалары және «Қасқырдың терісін сыпырсаң да, тектілігін сыпыра алмайсың», «Иттің иесі болғанымен, бөрінің Тәңірісі бар» сынды накыл сөздер осының дәлелі. Ал газет беттерінде қасқыр кейпін көрсететін мақалдарды пайдаланған журналистердің мақалаларын жиі кездестіруге болады. Қ. Әбілдақызының «**Қой терісін жамылған тендерлер**» (19.11.2021) мақаласында қасқыр сөзі тендер сөзімен алмастырылған [11]. Мемлекет басшысының еліміздің бюджеттегі қаражатын үнем-

деу мақсатында форум, конференцияларды өткізуге мораторий енгізу туралы ұсынысының іске аспай жатқаны жайындағы мақалада «Күлтөбенің басында күнде жиын», «қолда барда қонышынан басып қалу» сияқты сөйлемдер де ұшырасады. Бұдан өзге көпшілік назарына іліккен оқиға — Астанадағы жаңа мешіттің ашылуына Елбасы Н. Назарбаевтың қатысқаны жөніндегі «Қой терісін жамылған қасқырлар билікке ұмтылуы мүмкін» (<https://arasha.kz/>. 16.08.2022) [12] атты мақаласы, террорлық топ, олардың құйыртқы әрекеттерін әшкерелейтін <https://ser-per.kz/> сайтына шыққан «Қой терісін жамылған қасқырлар» (23.11.2021) мақаласы [13], <https://astanatv.kz/> сайтында жарияланған, бүгінгі таңдағы шенді полицейлердің бейнесін сөз ететін «Қой терісін жамылған... Полицей келбеті...» (02.09.2017) мақалалары [14] да жоғарыдағы мақалдың мағынасына сәйкес әрекеттерді сипаттайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында преценттi құбылыс ретінде ең көп қолданылатыны мақал-мәтелдер, себебі олар — халық даналығының көрінісі. Бұрындары мәтіндегі мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, цитаталардың қолданылуы сөйлеуді әрлеу, безендіру, бояу беру мақсатында жұмсалған болса, қазіргі күні бұлар әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсіндіріліп, мәтінаралық байланысты жүзеге асыратын преценттi мәтін болып танылып отыр. Сондықтан да журналистер оқырманға түсінуге жеңіл болатын, тез қабылдайтын мақалдарды ұтымды пайдалануға тырысады.

Баспасөз беттерінде преценттi мәтін ретінде мақал-мәтелдерден бөлек афоризм мен сентенциялар да көп кездеседі. Алдымен екі ұғымның айырмашылығы мен ұқсастығын ажыратып алсақ: афоризм — қысқа ғана сөзбен тиянақты ойды білдіретін, арнайы ойлану, екшеу, жалпылау нәтижесінде пайда болатын бейнелі сөз. Ал қазақ тілі терминдер сөздігінде кездеспейтін сентенция дегеніміз «афоризмнің бір түрі, авторы анық көрсетілмеген афоризм, яғни белгілі бір контекстен үзіп алуға келетін, ықшамдығымен, әсерлілігімен әрі интеллектуалдық, әрі эстетикалық талапқа сай келетін, көбіне философиялық, дидактикалық поэзияның жемісі, көптің көңіліне ұялағандай қысқа құрылған нақыл сөз» [15; 39]. Сентенция көбінесе көркем әдебиетте кездесетін, мазмұны контексте ашылатын шағын сөйлем. Мысалы, журналист Қ. Көрпебаевтың «Адамды заман билейді, замана оны илейді» (28.06.2022) деген тақырыпта «Жас Алаш» газетіне шыққан мақаласы бар [16]. Тақырыптағы преценттi мәтін хакім Абайдың «Адамды заман билейді, заманға жаман күйлейді. Замана оны илейді» деген сентенциясы.

«Әркімді заман сүйреп,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек» [17; 211].

Мағынасы өте терең «Тоты құс түсті көбелек» деген өлеңінде қарастырылған басты мәселе — адамгершілік ілімі.

Мақалада автор еліміздің ертедегі жағдайы мен қазіргі күнін салыстыра кетеді, жастарды Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырады. Ел жанашыры болуға, білім алуға, еңбек етуге үндейді. Мақалада преценттi мәтіндер көп. Әр ғұламаның афоризмдері журналист ойын аша түседі. Мақала XIX ғасырда өмір сүрген орыс генералы Броневскийдің «Соты жоқ, прокуроры жоқ, қонақ үйі жоқ, қарттар үйі жоқ, түрмесі жоқ, әскері жоқ, жетімдер үйі жоқ, көшеде қол жайған қайыршысы жоқ, жетім-жесірін жылатпаған дана халықпен танысқанымға қуаныштымын. Олар салт-дәстүрін тілін, дінін, ділін, мәдениетін баз қалпында сақтаған, бір таңға өлең айтатын, екінің бірі суырып салма ақын, сауыққой, өнерпаз, рухы биік халық. Ру басшылары мен билері көзі ашық, көкіректері ояу, сөзге шешен, көреген, елді соңынан ерте алатын, рухани бай адамдар» [16] деген сөздерінен басталады. Бұл кісінің мінездемесінен соң Италия ойшылы Николай Макиавелиидің «Ұзақ уақыт құлдыққа болған халықтың еліне деген сүйіспеншіліктен, патриоттық сезімнен айырылып, жалтақ, көнгіш, жағымпаз болады. Мұндай ел кездейсоқ жағдайда тәуелсіздікке қол жеткізсе, ол еркіндікті пайдалана алмайды» деген ойын алға тартады. Журналистің өзі ұлты үшін мақтанып, енді бірде күйінгенін көреміз. Одан соң адамның жаман мінезін айтып, Мұхаммед Пайғамбарымыздың сөздерінен үзінді келтіреді: «Алланың ең жек көретін адамдары кімдер», — дегенде, ол: «өркөкірек, менмен, мақтаншақ, дүниеқұмар, мансапқор адам». Ары қарай бас ақынымыз Абайдың «Қайда барып оңайын? Қайтіп надан болайын? халқым надан болғасын... Енді күш салыстырып емес, білімді, ертеңін ойлаған ел озады», Бауыржан Момышұлы атамыздың «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», Майқы бидің «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Бірлік бар жерде тірлік бар», данышпан әл-Фарабидің «Бір жылдығын ойлаған ел бидай егеді, онжылдығын ойлаған ел жеміс ағашын егеді, мың жылдығын ойлаған ел ұрпақтың жүрегіне ізгіліктің дәнін егеді, яғни рухани тәрбие береді», ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Ойлайтындар мен емес күнгісін, жұрт ұқпаса-

ұқпасын жабықпаймын. Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деген қанатты сөздерін әр пікірінде ұтымды қолдана отырып, мақаласын ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін!» деген рухты өлеңімен аяқтайды. Еліміздің болашағы жастар екенін, тәуелсіз, тұғыры биік мемлекетті дәл сол жастар құратынын, соларға сенім арту керек екенін журналист өте әдемі жеткізе білген.

Абайтанушы, шәкәрімтанушы Омар Жәлелдің де Абайдың осы өлеңін талдаған «Заман» (14.05.2019) деген атпен мақаласы газет бетіне шықты [18]. «Адам заманды билей ме, заман адамды билей ме? Бұл сұраққа жауап беретін кез келді» дейді де, Шортанбай, Дулаттардың зар заманы жайлы, Абайдың өмір сүрген заманы туралы айтып кетеді.

Бәйіт еттім бұл сөзді
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын:
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Бұның бәрі адамнан [18], –

деген Мұрат Мөңкеұлының өлеңімен сұрақтың жауабын тауып береді. Мақала соңын «Не дейміз, толғағы жеңіл болсын, қазақ социуымын өгіздей өрге сүйрейтін Жақсылар заманы тезірек келсін деп тілейік, ағайын!» [18], – деген сөздермен түйіндейді.

Газет бетіне шыққан тағы бір мәтін тақырыбы — «**Легионер. «Өзіңнен тумай ұл болмас»**» (31.08.2022. Н. Садуақасқастегі. «Жас Алаш») [19].

Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етекте кессең, жең болмас.
Қараша торғай қаз болмас,
Шағала келмей, жаз болмас.
Шаңқан болмай, боз болмас.
Өзіңнен тумай ұл болмас,
Сатып алмай құл болмас... [20; 85]

— деген Бұқар жыраудың толғауын тақырыпқа арқау еткен бұл мақала жүрегі елім деп езілмеген легионерлер жайлы.

Әлем бойынша ең танымал спорт түрі футболдың еліміздегі ахуалы сөз болған бұл мақалада журналист қыруар ақша бөліп легионерлерді шақыра бергеннен гөрі шетелдің білікті бапкерін елімізге тартқанды жөн көреді. ҚР Мәдениет және ҚР Спорт министрліктері болашақта дұрыс шешім қабылдайды деп сенеді де, мақаланы Абайдың «Егер ісім өнсін десең — ретін тап» деген афоризмімен қорытындылайды.

Айнара АШАН деген журналистің «**Өтпелі кезеңнің өтелі кімде?»**» (21.10.2016) деген тақырыппен саясаттанушы мамандармен сұхбаты шықты [21]. Тақырып қытай халқының «Құдай өтпелі кезеңде өмір сүруден сақтасын» деген сөзіне қатысты қойылған. Мақалада Қытайдың ұлы реформаторы Дян Сяопиннің «**Мысықтың түсі ақ па, қара ма — ол маңызды емес, жақсы мысық — тышқан аулай білетін мысық»**» [21] деген нақыл сөзі мәтінаралық байланысты көрсетеді. Аты айтып тұрғандай, сұхбат еліміздің өткені мен болашағы жайлы өрбиді. Саясаткерлер бірауыздан Жаңа Қазақстан құру үшін халық білімді, адал, еңбекқор болуы тиіс деген пікірді қоштайды.

Жоғарыда газет беттеріндегі мақал-мәтел, нақыл сөздердің барлығы ұлтымыздың болмысын, тіршілігін анық бейнелейтін прецедентті айтылымдар, яғни әр мәтіннің астарында ұлттық болмыстың, ұлттық мәдениеттің, ұлттық жадтың сақталғанын көреміз, өйткені «прецедент» — өткен заманда орын алған, халықтың есінде қалған, халыққа үлгі-өнеге болатын белгілі бір оқиға. Және прецедентті мәтінге жататын барлық мақалдар, афоризм сөздер, аңыз, тарихи әңгімелер соның дәлелі.

Газет беттерінен отандық көркем әдебиет туындыларынан алынған прецедентті мәтіндерді көп кездестіруге болады. Мәселен, М. Мақсаттың «Жас Алаш» газетінде «**Ауыл клубында оқып жүр, талай қазақ баласы»**» (08.09.2022) деген тақырыппен мақаласы басылып шықты [22]. Павлодар облысында жауапсыз мердігерлердің және шенеуніктердің кесірінен білім ордасының жөндеу жұмыстары аяқталмай, 1-қыркүйек білім күнінде балалар мектепке емес, ауылдың мәдениет үйіне баруға мәжбүр болған қолайсыз жағдай туралы сөз болған мақаланың тақырыбы Абай Құнанбаевтың «*Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы»*» деген өлеңіне сәйкестендіріліп қойылған.

Тура осы «Жас Алаш» газетінің келесі бір санында жарық көрген Ә. Ақылбайдың «**Сан мен санак: Қазақстанды таңдапты, талай шетел туристі»**» (19.08.2022) атты мақаласының мазмұны отан-

дық *eQonaq* ақпараттық жүйесі, осы жүйенің туристік ағымға жүргізетін талдауы жайлы [23]. Поэзия жанрында осы Абай өлеңінің контекстіне сүйенген бұл перифраз көп қолданылады. Қаламгер үнемі айтқалы отырған мәселесін кекесін мәнде жеткізу үшін осы өлеңді прецедентті мәтін ретінде келтіріп отырады. «Оқырмандардың ұлттық когнитивті кеңістігінде ерекше орын алатын пародияның бірі — Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңі» [23]. Және осы арқылы журналист өз дәуірінің шындығын, проблемасын бере біледі.

Мақаласында білім саласын сөз еткен журналист А. Олжайдың «**Даудың басы — мектеп**» (28.07.2022) деген мақаласы бар [24]. Еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі — мектеп тапшылығы. «Ескі Қазақстандағы» білім беру жүйесі, денсаулық сақтау сияқты негізгі салаларда болған олқылықтарды «Жаңа Қазақстанда» жою керек екенін, білімді ұрпақ үшін жаңа мектептерді көптеп салу қажет екенін, бастысы білім сапасын көтеру мәселесін жеткізіп айтқан. Мақала тақырыбы Б. Майлиннің «*Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры*» әңгімесінің атауымен өте үйлесімді қойылған.

«Жас Алаштың» сараптама орталығы «**Жусан иісі. Халықтың ақшасын қолды қылған Jusan bank мемлекетке қашан қайтады?**» (6.09.2022) атты мақаласында [25] Қаңтар оқиғасы кезіндегі «Жусан» банктен кеткен олқылықтарды көрсетіп, банктің қаржылық есебіне шолу жасауға тырысады. Тақырыптың бейнелілігін арттыру үшін жазушы С. Мұратбековтің «*Жусан иісі*» повесінің атын әдейі алған. Бірақ «Жусан банктің» ісі мен «Жусан иісі» шығармасының семантикасы қарама-қарсы сипатта екені мақаланың өзектілігі мен автордың ашық бағалауын көрсетуге қолданылған, яғни «Жусан иісі» деген тақырып ат жағымсыз мән тудырып тұр.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары — оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көңілді,

Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен [17; 72].

Абайдың Рим империясын құрған, даңқты қолбасшы, әлемді жаулаушы Александр Македонскийге арнаған бұл «Ескендір» поэмасының алғашқы жолы көп журналистердің цитата ретінде қолданып жүрген үзіндісіне айналған. Мысалы, <https://newsroom.kz/> сайтында «**Осы жұрт Жауғаштыны біле ме екен?..**» (20.04.2022) деген мақала шықты [26]. Онда 1990-жылдары аты дүркіреп тұрған, нағыз ұлтжанды, жастарға үлгі боларлық тұлға, өте білімді, нағыз зиялы жан Жауғашты Нәбиев туралы айтылады. Қазақстан үшін өте қолайлы, өнімді инвестициялық ірі жобаларды дүниеге әкелген, бірақ үкімет тарапынан түсініксіз жағдайлармен қолдау таппаған Жауғаштының еңбегі жайлы толық мәлімет беріледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан прецедентті феномендерді іздеу барысында әннің мазмұнына негізделген интертекстер де ұшырасатынын байқадық. Әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған ән мәтіндері де прецедентті құбылыстың белгілі бір қабатын құрай алады. Көркем әдебиетте, әсіресе поэзия жанрында көп кездесетін бұл құбылыс баспасөз беттерінде сирек байқалады. Мысал ретінде «Жас Алаш» газетінен Б. Жасұланның «**Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...**» (17.08.2022) атты мақаласын келтіруге болады [27]. Қазіргі кездегі еңбек нарығындағы қиын жағдайды, жалақының төмен пайызын, елді қысқан қымбатшылықты ашына айтқан журналистің мақаласының соңы «*Жайымды айтсам жасырмай, Жағдайым менің осындай*», — деген МузАРТ тобының халыққа танымал бір әні бар еді. Шын мәнінде Қазақстанның нарықтағы қазіргі жағдайы осындай болып тұр...» [27] деп аяқталады. Шынымен де И. Сапарбайдың «Бір тамшы көздің жасындай» әнінің сөздері біздің мүшкіл жайымызды дәл беріп тұрғандай.

Келесі бір мысал — Ж. Байғаниннің «**Атыңнан айналайын, Алматы!..**» (03.02.2022) мақаласы [28]. Мұнда қаланың Алматы деген атауын Алма-ата деп өзгертуді қалайтын белсенділердің шала ісі жайлы жазылады. Тақырыпқа мән берсек, жалпы бұл тіркестің шығу төркіні Мәди Бәпиұлының

«Атыңнан айналайын Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.

Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы» [29]

— деген әнінен бастау алады. Одан соң Жаңаарқа ауданының гимні іспеттес Төкен Әлжантегінің «Жаңаарқа вальсі» әнінде де «*Атыңнан айналдым, Жаңаарқа*» деген сөздер бар.

<https://aikyn.kz> сайтында М. Жанысбай жазған «**Атыңнан айналайын, Қарқаралы**» (14.07.2022) деген мақала шықты [30]. Бұл мақалада үш рәміздің бірі Елтаңбаның авторы, профессор, сәулетші, «Барыс» орденінің иегері Жандарбек Мәлібековтің қасиетті Қарқаралыға келген сапары жайлы сөз болады. Қарқаралының әсем табиғатын, ескерткіштерін, Құнанбай салған мешіт т.б. мәде-

ни орындарын көрсетіп, солар туралы әңгімеленген бұл мәтіннің тақырыбын автор «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» деп қояды жөн көрген.

Сол сияқты «Егемен Қазақстан» газетінің «Әдебиет» бөліміне филология ғылымдарының докторы С. Абдрахмановтың «Атыңнан айналайын, Алтай» (28.09.2017) деген атаумен тарихи мақаласы шықты [31]. Ғалым көпшілікке таныс емес орыс жазушысы Георгий Гребенщиков өмірін, оның шығармашылығын тарқата айтып берген мақаланың соңын жазушының өз сөзімен аяқтайды: «...Алтай менің Отаным болғандықтан емес, бүкіл адамзаттың шыққан жері, әлемнің бесігі, жер-жаһанның қоңырауы болғандықтан, атының өзі қоңырау үніндей қуатты һәм ізгілікті болғандықтан — *атыңнан айналайын Алтай!*». Тақырыпты да осы цитатадан алып қойған.

Тағы бір ән мазмұнына құрылған мақала — «Ресейден шұбырып көш келеді...» (Ө.Кемеңгер, 07.07.2022) [32]. Қазақстанға жаппай көшіп келіп жатқан Ресей азаматтары баяғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасын еске салатындай. Журналист те осыны жұмбақтап халық әні «Елім-ай!» әнінің:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді [33]

– деген сөздерімен берген. Орыс зерттеушісі Г.В. Денисова прецедентті мәтіндерді «күшті әдеби», «әлсіз әдеби», «күшті әдеби емес» деп жіктеп, ақын-жазушылар шығармаларын «күшті әдеби» мәтінге, өз кезеңіне ғана танымал шығармаларды «әлсіз әдеби» мәтінге, халық арасында танылған әндерді соңғы топқа жатқызған болатын. Сол «күшті әдеби емес» түріне жататын ән мәтіндері де газет тақырыптары ретінде кездесіп отырады.

Қорытынды

Сонымен әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған ән мәтіндері, прецедентті айтылым түріне жататын мақал-мәтелдер, афоризм мен сентенциялар, ақын-жазушылар шығармаларынан алынған прецедентті мәтіндер прецедентті феномендер тобын құрайды. Журналист мақаласының тақырыбына осы келтірінді құрылымдарды кей жерде өзгертіп, кейде тура қолдана білген. Сол арқылы прецедентті мәтін табиғатының ықшамды болып келетін, хабарды үнемді жеткізетін басты қасиетін тақырып қоюда ұтымды пайдаланған. Мақалалар мазмұны кейде прецедентті құбылыстар семантикасымен сәйкес келсе, кейде олар кері бағытта интерпретацияланады.

Жалпы публицистикалық туындыларда прецеденттік феномендер тақырып ретінде өте жиі ұшырасады. Себебі журналист тақырыпты халық жадында тез сақталсын, тез жатталсын, бірден ой туғызсын, назарын тез аударсын, қызығушылығын оятсын деп тандайды. Бұл сипаттар, әрине, прецедентті мәтін арқылы жүзеге асады. Психологтердің зерттеуінше оқырман қауымның 80 %-ы газет бетіндегі, Интернет желісіндегі мақаланы оқымай, тақырыпқа ғана назар аударады екен. Сондықтан да басылым беттеріндегі мәтін тақырыбының құрылымының ерекше қойылуы аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Красных В.В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? / В.В. Красных. — М.: Гнозис, 2003. — 375 с.
- 2 Васильев А.Д. Интертекстуальность: прецедентные феномены: учеб. пос. / А.Д. Васильев. — М.: ФЛИНТА, 2013. — 342 с.
- 3 Зарыққанқызы Қ. «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» [Электрондық ресурс] / Қ. Зарыққанқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/aspannan-shuga-zhausa-da-kedejge-ultaraq-bujyrmajdy-17830.html>.
- 4 Зарыққанқызы Қ. Қой көрмеген қуалап өлтіреді [Электрондық ресурс] / Қ. Зарыққанқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/qoj-kormegen-qualap-oltiredi-18838.html>.
- 5 Сманов Б. Ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаудан неге қашамыз? [Электрондық ресурс] / Б.Сманов. — Қол жеткізу режимі: <https://kazgazeta.kz/news/40133>.
- 6 Мырзатай Жолдасбеков Димашқа батасын берді [Электрондық ресурс] // «Егемен Қазақстан» газеті. — Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/116283-myrzatay-zholdasbekov-dimashqa-batasyn-berdi>.
- 7 Зарыққанқызы Қ. Қазынада дефицит: Үкімет «тарта жесе, тай қалатынын» қашан ұғады? [Электрондық ресурс] / Қ. Зарыққанқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/qazynada-deficit-ukimet-tarta-zhese-taj-qalatynyn-qashan-ugady-18063.html>.

- 8 Әбдіхалықұлы Ө. «Тарта жесе, тай қалатынын...» шенеуніктер біле ме екен? [Электрондық ресурс] / Ө. Әбдіхалықұлы. — Қол жеткізу режимі: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_ekonomy_price_crisis_world_employee_corruption/1367893.html.
- 9 Әбілдақызы Қ. Жолдау түбі алдау болып бара ма? [Электрондық ресурс] / Қ. Әбілдақызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/zholdau-tubi-aldau-bolyp-bara-ma-21571.html>.
- 10 Көшім Д. Әр дәуірдің заңы басқа [Электрондық ресурс] / Д. Көшім. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/ar-dauirdin-zany-basqa...-21497.html>.
- 11 Әбілдәқызы Қ. «Қой терісін жамылған тендерлер» [Электрондық ресурс] / Қ. Әбілдәқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/qoj-terisin-zhamylgan-tenderler-18587.html>.
- 12 «Қой терісін жамылған қасқырлар билікке ұмтылуы мүмкін» [Электрондық ресурс] / arasha.kz. — Қол жеткізу режимі: <https://arasha.kz/sajasi-signal-nazarbaevshyldar-men-oz-n-oppoziciya-sanajtyndar-el-ush-n-orasan-zor-qau-p/>.
- 13 Қой терісін жамылған қасқырлар [Электрондық ресурс] / ser-per.kz. — Қол жеткізу режимі: <https://ser-per.kz/zhanalyqtar/aimaqta/oj-terisin-zhamyl-an-as-ylar.html>.
- 14 Әлімқұл Д. «Қой терісін жамылған...» Полицей келбеті... [Электрондық ресурс] / Д. Әлімқұл, Д. Нұрмахан. — Қол жеткізу режимі: <https://m.astanatv.kz/index.php/kz/news/6227/>.
- 15 Адилова А.С. Көркем мәтіндердегі цитация құбылысы: моногр. / А.С. Адилова. — Алматы: Эверо баспасы, 2015. — 252 б.
- 16 Көрпебаев Қ. Адамды заман билейді, замана оны илейді [Электрондық ресурс] / Қ. Көрпебаев. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/adamdy-zaman-bilejdi-zamana-ony-ilejdi-20887.html>.
- 17 Абай. Қалың елім, қазағым... / Абай; жау. ред. З. Ахметов. — Алматы: Атамұра, 2002. — 224 б.
- 18 Жәлел О. Заман [Электрондық ресурс] / О. Жәлел. — Қол жеткізу режимі: <https://qazaqadebieti.kz/20166/zaman>.
- 19 Садуақастегі Н. Легионер. «Өзіңнен тумай ұл болмас!» [Электрондық ресурс] / Н. Садуақастегі. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/legioner.-ozinnen-tumaj-ul-bolmas!-21510.html>.
- 20 Бес ғасыр жырлайды / Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев. Т.1. — Алматы: Жазушы, 1989. — 384 б.
- 21 Ашан А. Өтпелі кезеңнің өтелі кімде? [Электрондық ресурс] / А. Ашан. — Қол жеткізу режимі: <https://qazaqadebieti.kz/7672/tpeli-keze-ni-teli-kimde>.
- 22 Мақсат М. Ауыл клубында оқып жүр, талай қазақ баласы... [Электрондық ресурс] / М. Мақсат. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/auyl-klubyn-da-oqur-zhur-talaj-qazaq-balasy...-21602.html>.
- 23 Ақылбай Ө. Сан мен санақ: Қазақстанды тандапты, талай шетел туристі [Электрондық ресурс] / Ө. Ақылбай. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/san-men-sanaq-qazaqstandy-tandapty-talaj-shetel-turisti-21365.html>.
- 24 Олжай А. Даудың басы — мектеп [Электрондық ресурс] / А. Олжай. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/daudyn-basy-mektep-21141.html>.
- 25 «Жусан иісі. Халықтың ақшасын қолды қылған Jusan bank мемлекетке қашан қайтады?» [Электрондық ресурс] / «Жас Алаштың» сараптама орталығы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/zhusan-iisi.-halyqтын-aqshasyn-qoldy-qylgan-jusan-bank-memleketke-qashan-qajtady-21575.html>.
- 26 Ақжігіт Ө. «Осы жұрт Жауғаштыны біле ме екен?...» [Электрондық ресурс] / Ө. Ақжігіт. — Қол жеткізу режимі: <https://newsroom.kz/kadrlar-kabineti2865550.html>.
- 27 Жасұлан Б. «Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...» [Электрондық ресурс] / Б. Жасұлан. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/zhajymdy-ajtsam-zhasyrmaj-zhagdayym-menin-osyndaj...-21322.html>.
- 28 Байғанин Ж. «Атыңнан айналайын, Алматы!..» [Электрондық ресурс] / Ж. Байғанин. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/atynnan-ajnalajyn-almaty!..-19489.html>.
- 29 Бәпиұлы М. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!..» [Электрондық ресурс] / М. Бәпиұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://bilim-all.kz/olen/10385-Qarqaraly>.
- 30 Жанысбай М. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» [Электрондық ресурс] / М. Жанысбай. — Қол жеткізу режимі: <https://aikyn.kz/205742/atynnan-aynalayyn-karkaraly/>.
- 31 Абдрахманов С. «Атыңнан айналайын, Алтай» [Электрондық ресурс] / С. Абдрахманов. — Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/158915-atynhnan-aynalayyn-altay>.
- 32 Кеменгер Ө. «Ресейден шұбырып көш келеді...» [Электрондық ресурс] / Ө. Кеменгер. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/resejden-shubyryp-kosh-keledi...-20958.html>.
- 33 Қазақ ауыз әдебиеті. «Елім-ай» [Электрондық ресурс] / Қазақ ауыз әдебиеті. — Қол жеткізу режимі: <https://bilim-all.kz/olen/8127>.

А.Ш. Каппасова, А.С. Адилова

Газетные заголовки как прецедентные явления

В статье рассмотрена проблема прецедентных явлений в газетных текстах. Лингвокультурология — это новое направление, которое изучает соотношение языка и культуры, культуру нации через язык. Данная наука возникла на основе взаимосвязи основных вопросов лингвистики и культурологии. Основная форма, основная единица — прецедентные феномены. Одним из инструментов, передающих из поколения в поколение основную ценность памяти каждого народа, являются эти прецедентные феномены. Через это явление проявляется специфика каждой нации, каждого народа. Авторами проведен анализ прецедентных текстов из произведений поэтов и писателей, прецедентные феномены из сферы музыки, пословиц, афоризмов, сентенций в качестве темы текста. При изучении статей в средствах массовой информации использованы методы сравнения, анализа, обобщения. В результате были собраны и теоретически доказаны прецедентные тексты, примеры прецедентных типов высказываний, образующих прецедентные явления в газетном языке.

Ключевые слова: прецедентный феномен, прецедентный текст, прецедентное высказывание, пресса, афоризм, сентенция, язык газеты, лингвистика.

A.Sh. Kappasova, A.S. Adilova

Precedent phenomena as newspaper headlines

The article deals with the problem of precedent phenomena in newspaper texts. Linguoculturology is a new direction that studies the relationship between language and culture, the culture of the nation through language. This trend arose on the basis of the interrelation of the main issues of linguistics and cultural studies. The basic form, the basic unit are precedent phenomena. These precedent phenomena are one of the tools that transmit from generation to generation the main value of the memory of each nation. Through this phenomenon, the specificity of each nation, each people is manifested. In the scientific article precedent texts were analyzed from the works of poets and writers, precedent phenomena from the sphere of music, from proverbs, aphorisms, maxims as the theme of the text. When studying articles in the media, methods of comparison, analysis, generalization were used. As a result, precedent texts, examples of precedent types of statements forming precedent phenomena in the newspaper language were collected and theoretically proved.

Keywords: precedent phenomenon, precedent text, precedent statement, press, aphorism, maxim, newspaper language, linguistics.

References

- 1 Krasnykh, V.V. (2003). “Svoi” среди “chuzhikh”: mif ili realnost? [“One’s own” among “strangers”: myth or reality?]. Moscow: Gnozis [in Russian].
- 2 Vasilev, A.D. (2013). Intertekstualnost: pretsedentnye fenomeny [Intertextuality: precedent phenomena]. Moscow: FLINTA [in Russian].
- 3 Zaryqqanqyzy, Q. “Aspannan shuga zhausa da, kedeige ultaraq buiynmaidy” [“Even if cloth falls from the sky, the poor thing is not ordered to insole”]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/economic/aspnan-shuga-zhausa-da-kedejge-ultaraq-buijymajdy-17830.html> [in Kazakh].
- 4 Zaryqqanqyzy, Q. Qoi kormegen qualap oltiredi [The sheep has not seen and kills]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/economic/voj-kormegen-qualap-oltiredi-18838.html> [in Kazakh].
- 5 Smanov, B. Gylm kandidattary men doktorlaryn daiyndaudan nege qashamyz? [Why do we avoid training candidates and doctors of science?]. *kazgazeta.kz*. Retrieved from <https://kazgazeta.kz/news/40133> [in Kazakh].
- 6 Myrzatai Zholdasbekov Dimashqa batasyn berdi [Myrzatai Zholdasbekov blessed Dimash]. “*Egemen Qazaqstan*” gazeti – “Sovereign Kazakhstan” Newspaper. *egemen.kz*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/116283-myrtatay-zholdasbekov-dimashqa-batasyn-berdi> [in Kazakh].
- 7 Zaryqqanqyzy, Q. Qazynada defitsit: Ukimet «tarta zhese, tai qalatynyn» qashan Ugady? [Deficit in the treasury: when the government realizes that “if there is less, then there is a foal”?]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/economic/qazynada-deficit-ukimet-tarta-zhese-taj-qalatynyn-qashan-ugady-18063.html> [in Kazakh].
- 8 Abdikhalyquly, O. “Tarta zhese, tai qalatynyn...” sheneunikter bile me eken? [“Do official know that “if you eat less, then the foal remains”?]. *www.azattyq.org*. Retrieved from https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_ekonomy_price_crisis_world_employee_corruption/1367893.html [in Kazakh].
- 9 Abildaqyzy, Q. Zholdau tubi aldau bolyp bara ma? [Is the message bottom cheating?]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/kogam/zholdau-tubi-aldau-bolyp-bara-ma-21571.html> [in Kazakh].

- 10 Koshim, D. Ar dauirdin zany basqa [The law of each epoch is different]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/saraptama/ar-dauirdin-zany-basqa...-21497.html> [in Kazakh].
- 11 Abildaqyzy, Q. “Qoi terisin zhamilygan tenderler” [“Tenders in sheep's clothing”]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/economic/qoj-terisin-zhamilygan-tenderler-18587.html> [in Kazakh].
- 12 “Qoi terisin zhamilygan qasqyrlar bilikke Umtyluy mumkin” [“Wolves in sheep's clothing may seek power”]. *arasha.kz*. Retrieved from <https://arasha.kz/sajasi-signal-nazarbaevshyldar-men-oz-n-oppozicija-sanajtyndar-el-ush-n-orasan-zor-qau-p/> [in Kazakh].
- 13 Qoi terisin zhamilygan qasqyrlar [Wolves in sheep's clothing]. *ser-per.kz*. Retrieved from <https://ser-per.kz/zhanalyqtar/aimaqta/oj-terisin-zhamily-an-as-yrlar.html>. [in Kazakh].
- 14 Alimqul, D., & Nurmakhan, A.D. “Qoi terisin zhamilygan...” Politsei kelbeti... [“Dressed in sheepskin... Police... ”]. *astanatv.kz*. Retrieved from <https://m.astanatv.kz/index.php/kz/news/6227/> [in Kazakh].
- 15 Adilova, A.S. (2015). Korkem mutinderdegi tsitatsiia qubylysy: monografiia [The phenomenon of citation in literary texts: Monograph]. Almaty: Evero [in Kazakh].
- 16 Korpebaev, Q. Adamdy zaman bileidi, zamana ony ileidi [Time rules a person, time kneads him]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/kogam/adamdy-zaman-bilejdi-zamana-ony-ilejdi-20887.html> [in Kazakh].
- 17 Abay (2002). Qalyn elim, qazagym [Bold country, Kazakh]. — Almaty: Atamura 2002 [in Kazakh].
- 18 Zhalel, O. Zaman [Time]. *qazaqadebieti.kz*. Retrieved from <https://qazaqadebieti.kz/20166/zaman> [in Kazakh].
- 19 Saduasqastegi, N. Legioner. “Ozinnen tumai ul bolmas” [Legionnaire. “Don't be a son without being born of yourself”]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/saraptama/legioner.-ozinnen-tumaj-ul-bolmas!-21510.html> [in Kazakh].
- 20 Magauin, M., & Baidildaev, M. (Ed.). (1989). Bes gasyr zhyrlaidy [Five centuries sings] (Vol. 1). Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 21 Ashan, A. Otpeli kezennin otegi kimde? [Who has the payback of the transition period]. *qazaqadebieti.kz*. Retrieved from <https://qazaqadebieti.kz/7672/tpeli-keze-ni-teli-kimde> [in Kazakh].
- 22 Maqsat, M. Auy klubynda oqyp zhur, talai qazaq balasy [He is studying in a village club, many Kazakh children]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/kogam/auyl-klubynda-oqyp-zhur-talaj-qazaq-balasy...-21602.html> [in Kazakh].
- 23 Aqylbai, A. San men sanaq: Qazaqstandy tandapty, talai shetel turisti [Number and Census: many foreign tourists chose Kazakhstan]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/kogam/san-men-sanaq-qazaqstandy-tandapty-talaj-shetel-turisti-21365.html> [in Kazakh].
- 24 Olzhai, A. Daudyn basy — mektep [The beginning of the dispute — school]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/saraptama/daudyn-basy-mektep-21141.html> [in Kazakh].
- 25 “Zhas Alashtyn” saraptama ortalygy. Zhusan iisi. Khalyqtyn aqshasyn qoldy qylgan Jusan bank memleketke qashan qaitady? [The smell of Wormwood. When will Jusan bank return to the state]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/economic/zhusan-iisi.-halyqtyn-aqshasyn-qoldy-qylgan-jusan-bank-memleketke-qashan-qajtady-21575.html> [in Kazakh].
- 26 Aqzhigit, O. “Osy zhurt Zhaugashtyny bile me eken?..” [“I wonder if these people know the Jaugashty?..”]. *newsroom.kz*. Retrieved from <https://newsroom.kz/kadrlar-kabineti2865550.html> [in Kazakh].
- 27 Zhasulan, B. “Zhaimydy aitsam zhasyрмаi, zhagdaiym menin osyndai” [“Won't hide it, but my situation is”]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/saraptama/zhajymdy-ajtsam-zhasyрмаi-zhagdajym-menin-osyndaj...-21322.html> [in Kazakh].
- 28 Baiganin, Zh. “Atynnan ainalaiyn, Almaty!..” [“Let's go around your name, Almaty!..”]. *zhasalash.kz*. Retrieved from <https://zhasalash.kz/kogam/atynnan-ajnalajyn-almaty!..-19489.html> [in Kazakh].
- 29 Bapiuly, M. “Atynnan ainalaiyn, Qarqaraly!” [“Let's go around your name, Qarqaraly!”]. *bilim-all.kz*. Retrieved from <https://bilim-all.kz/olen/10385-Qarqaraly> [in Kazakh].
- 30 Zhanysbai, M. “Atynnan ainalaiyn, Qarqaraly” [“Let's go around your name, Qarqaraly!”]. *aikyn.kz*. Retrieved from <https://aikyn.kz/205742/atynnan-aynalayyn-karkaraly/> [in Kazakh].
- 31 Abdrakhmanov, S. “Atynnan ainalaiyn, Altai” [“Let's go around your name, Altai”]. *egemen.kz*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/158915-atynnan-aynalayyn-altay> [in Kazakh].
- 32 Kemenger, A. “Reseyden shubyryp kosh keledi” [“A stream of people come to us from Russia”]. Retrieved from <https://zhasalash.kz/economic/reseyden-shubyryp-kosh-keledi...-20958.html> [in Kazakh].
- 33 Qazaq auyz adebieti. “Elim-ai” [Kazakh folk literature. “Elim-ai”]. *bilim-all.kz*. Retrieved from <https://bilim-all.kz/olen/8127> [in Kazakh].